

16-САБАҚ КАРДИОЛОГТА

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жоғары
темекі
ішімдік
физикалық салмақ
тыныштандыратын дәрі
жиі
күю
қолды созу
ауыру
отыру
қысылу
ішпеу
шекпеу

❗ 2. Есте сақтаңыз.

Қан қысымыңыз қанша?
Қандай дәрілер ішесіз?
Ауыру жиілігі қандай?
Қандай шағымыңыз бар?
Қалай ауырады?
Күніне неше рет қан
қысымын өлшейсіз?
Бұрын жүрегіңіз ауырды ма?
Қандай дәрілер ішесіз?
Жүрегіңіз шанши ма?
Жүрегіңізге ота жасады ма?
Жиі еңтігесіз бе?

84

16-САБАҚ

📖 3. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

– Қандай шағымыңыз бар?
– Жүрегім ауырады.
– Отырыңыз, сізді тексеремін.
Қолыңызды созыңыз. Жүрегіңіз
қалай ауырады?
– Шаншып ауырады.
– Қан қысымыңыз қандай?
– Қан қысымым жоғары.
– Күніне неше рет өлшейсіз?
– Бірнеше рет.
– Қандай дәрілер
ішесіз?
– Тыныштандыратын
дәрілер ішемін.
– Қай кезде
ауырады?
– Физикалық салмақ
түскенде/ сатыға
көтерілгенде ауырады.
– Қанша минутқа
созылады?
– 5-20 минут.
– Ауыру жиілігі қандай?
– Күніне 5-10 рет.



85

16-САБАҚ



4. Қажетті сөздерді қойыңыз.

- Қандай _____ бар?
- _____ ауырады.
- Отырыңыз, сізді _____ .
Қолыңызды _____ .
- Жүрегіңіз қалай ауырады?
- _____ ауырады.
- _____ қандай?
- Қан қысымым _____ .
- Күніне неше рет _____ ?
- Қандай дәрілер _____ ?
- Тыныштандыратын дәрілер ішемін.
- Қай кезде ауырады?
- _____ / _____ көтерілгенде ауырады.
- Қанша минутқа созылады?
- 5-20 минут.
- Ауыру жиілігі қанша?
- Күніне 5-10 рет.



86

16-САБАҚ

5. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

- | | |
|---------------|--------------------|
| алыңыз | диета ұстаңыз |
| отырыңыз | уайымдамаңыз |
| жаяу жүріңіз | отырыңыз |
| дәріні ішіңіз | жаттығу жасаңыз |
| маған келіңіз | шылым шекпеңіз |
| ашуланбаңыз | қолыңызды созыңыз |
| тәтті жемеңіз | талдама тапсырыңыз |

6. Қажетті жалғауды жазыңыз.

- алы _____
- отыр _____
- жаяу жүр _____
- дәріні іш _____
- маған кел _____
- ашуланба _____
- тәтті жеме _____



- диета ұста _____
- уайымдама _____
- отыры _____
- жаттығу жаса _____
- шылым шекпе _____
- қолыңызды соз _____
- талдама тапсыр _____

87



7. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыз.

А

– Қандай шағымыңыз бар?

– Жүрегім ауырады.

– Жеке куәлігіңізді беріңізші.

– Мінекейіңіз.

– Қалай ауырады?

– Шаншиды/күйеді.

– Еңтігесіз бе?

– Иә.

– Жүрегіңіз қай кезде ауырады?

– Ашуланғанда ауырады.

– Ашуланбаңыз. Темекі шекпеңіз, ішімдік ішпеңіз.

– Тағы қандай кеңес бересіз?

– Көбірек жаяу жүріңіз. Мен сізге неврологқа жолдама беремін.

– Жақсы.



8. Сұқбат бойынша қажетті сөздерді жазыңыз.

А

– Қандай _____ бар?

– Жүрегім ауырады.

– Жеке куәлігіңізді _____ .

– _____ .

– Қалай ауырады?

– Шаншиды/күйеді.

– _____ бе?

– Иә.

– Жүрегіңіз қай кезде ауырады?


– Ашуланғанда ауырады.

– _____ . Темекі шекпеңіз, ішімдік ішпеңіз.

– Тағы қандай кеңес бересіз?

– Көбірек жаяу _____ . Мен сізге неврологқа жолдама беремін.

– Жақсы.



16-САБАҚ

9. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыз.

В

– Қай жеріңіз ауырады?

– Жүрегім ауырады.

– Жүрегіңіз қалай ауырады?

– Күйіп ауырады.

– Қан қысымыңыз қандай?

– Қан қысымым жоғары.

– Қай кезде ауырады?

– Физикалық салмақ түскенде.

– Дәрілерді дәріханадан алыңыз. Профилактика үшін күніне бір рет ішіңіз.

– Жақсы, сау болыңыз!



90

16-САБАҚ

10. Сұқбат бойынша қажетті сөздерді жазыңыз.

В

– Қай жеріңіз _____?

– Жүрегім ауырады.

– _____ қалай ауырады?

– Күйіп ауырады.

– _____ қандай?

– Қан қысымым жоғары.

– Қай кезде ауырады?

– _____ түскенде.

– Дәрілерді _____ алыңыз. _____.

үшін күніне бір рет ішіңіз.

– Жақсы, сау болыңыз!



91

16-САБАҚ

11. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыз.

С

– Жүрегіңіз қалай ауырады?

– Қолыңызды созыңыз,
қан қысымыңызды
өлшеймін.

– Жиі ұстама болады.

– Күніне неше рет?

– 2-3 рет. Еңтігемін,
әлсіреймін, басым
айналады.

– Есепте тұрсыз ба?

– Эндокринолопта
есепте тұрмын.

– Созылмалы
ауруларыңыз
бар ма?

– Қант диабеті.

– Диета ұстаңыз.
Майлы, тәтті, қақталған
тағам жеменіз.

– Кардиохирургке
жолдама беремін.
Жарты жыл сайын
келіп отырыңыз.

– Жақсы, рақмет.



92

16-САБАҚ

12. Сұқбат бойынша қажетті сөздерді жазыңыз.

С

– _____ ауырады?

– Жиі ұстама болады.

– Қолыңызды созыңыз, _____ өлшеймін.

– Күніне неше рет?

– 2-3 рет. _____, _____, басым
айналады. Есепте тұрсыз ба?

– _____ есепте тұрмын.

– Созылмалы ауруларыңыз бар ма?

– Қант диабеті.

– Диета ұстаңыз. Майлы, тәтті, _____
тағам жеменіз.

– _____ жолдама беремін. Жарты жыл
сайын келіп отырыңыз.

– Жақсы, рақмет.



93

13. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

- жаяу жүр _____
- дәріні іш _____
- маған кел _____
- ашуланба _____
- тәтті жеме _____
- диета ұста _____
- уайымдама _____
- жаттығу жаса _____
- темекі шекпе _____
- қолыңызды соз _____

-ңіз, -ңыз
-іңіз, -ыңыз



14. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Бірнеше рет.

Ауыру жиілігі қанша?

Қандай шағымыңыз бар?

Шаншиды/қысылады/күйеді.

Дәрілерді ішіңіз.

Қалай ауырады?